

Жеке тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін Қарабұлақ ауыл округіне жер телімін беру және елді мекеннің шегін өзгерту туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихат сессиясының 2008 жылғы 28 наурыздағы N 6-75/IV шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 28 наурыздағы N 4 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 28 сәуірде N 14-10-92 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШТІ**, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Т І :

1. Қарабұлақ ауыл округі аумағындағы арнаулы жер қорынан жеке тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін жалпы көлемі 35,0 гектар жерден жер телімі алынып, Қарабұлақ ауылының шегіне енгізілсін.

2. Жалпы көлемі 35,0 гектар жер телімі қосылып, Қарабұлақ ауылының шегі өзгертілсін.

3. Осы бірлескен шешім және қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Аудан әкімі

М. Әлі

Н. Ирсадиев

Т. Тулендиев